

К.Қ. Қабдолдина 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан
e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ҚАЖЫЛЫҚ ЖОЛДАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН МАҢЫЗЫ: ДАЛА ӨЛКЕСІНЕН МЕККЕГЕ САПАР

Мақалада Ресейдің әртүрлі аймақтарынан мұсылмандардың қасиетті Мекке, Медине жерлеріне қажылық маршруттарының қалыптасу үдерісі талқыланады. Жұмыстың мақсаты, Ресей империясы тұсында қалыптасқан қажылық жолораптар арқылы мұсылмандарға қатысты империялық саясаттың мәнін ашу. Осыған байланысты, XIX ғ. соңы – XX ғ. басында орын алған Ресей империясындағы қажылық қозғалыстың даму шарттары мен мәселелері, сондай – ақ қажылық жолдардың маңызы мен ерекшеліктеріне талдау жасау міндеттері жүзеге асырылды. Империядағы көп санды мұсылмандар үшін қасиетті қажылық міндетін атқарудың маңызы қаншалықты үлкен болса да, империя тарапынан жиі алаңдатушылық тудырты. Қажылық маршруттардың бойында Ресейдің консулдық желісінің құрылуы, империяның қажылыққа қатысты мемлекеттік саясатының XIX ғасырдың соңында қолға алғанын көрсетеді. Және де белгілі ресми жол бағыттарының бекітілуі, құрамындағы мұсылман халықтарына деген бақылауын күшейте түсті. Алайда, Ресей империясындағы теміржол желісінің салынып, теңіз жолдарының жандауы мұсылман халықтары үшін үлкен мүмкіндіктер тудырды. Жол уақыты қысқарып қана қоймай, біршама қауіпсіздікпен де қамтамасыз етілді. Ендігі кезекте, ресейлік мұсылмандар, соның ішінде қазақ даласынан да қажылар легі күрт өсе бастады. Әрине мемлекеттік арнайы жолдар арқылы жүру үшін, ресми құжаттардың да қажеттілігі туындады. Осы орайда, мақалада арнайы қажылық төлқұжаттар алу мәселесі де ерекше назарға алынды.

Түйін сөздер: қажылық, Ресей империясы, теміржол желісі, пароходтар, қажылық жолдар.

K.K. Kabdoldina

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

The emergence and importance of pilgrimage routes in the russian empire: from the steppe region to mecca

The article examines the process of the formation of the pilgrimage of Muslims from different regions of the Russian Empire to the holy places of Mecca and Medina, emphasizing the imperial policy toward Muslims and their pilgrimage routes. In the late 19th and early 20th centuries, pilgrimage was important to Muslims, but it also aroused suspicion and apprehension on the part of the authorities. The main purpose of the work is to analyze the conditions of the pilgrimage movement, its problems and the characteristics of the routes. The Russian Empire tried to strengthen its control over the Muslim peoples by creating a consular network and approving official routes. Nevertheless, the growth of rail and sea transportation led to an increase in the number of pilgrims, thanks to a temporary reduction in travel and security. In addition, the article examines in detail the importance of obtaining special Hajj passports for traveling on special state roads, which indicates the moments of bureaucracy of the pilgrimage process at that time. The article clearly shows how Muslims, including Kazakh pilgrims, were able to take advantage of new opportunities to fulfill their religious duty.

Key words: pilgrimage, Russian Empire, railway network, steamships, pilgrimage routes.

K.K. Kabdoldina

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан
e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

Формирование и значение паломнических путей в Российской империи: из степного края в Мекку

В статье исследуется процесс становления паломничества мусульман из различных регионов Российской империи к святым местам Мекки и Медины, подчеркивая имперскую политику в отношении мусульман и их паломнических маршрутов. В конце XIX и начале XX века паломничество

имело важное значение для мусульман, но также вызывало подозрения и опасения со стороны властей. Основная цель работы заключается в анализе условий паломнического движения, его проблем и особенностей маршрутов. Российская империя, создавая консульскую сеть и утверждая официальные маршруты, стремилась усилить контроль над мусульманскими народами. Несмотря на это, рост железнодорожного и морского транспорта привел к увеличению числа паломников, благодаря временному сокращению в пути и обеспечения безопасности. Помимо в статье подробно изучается важность получения специальных хадж-паспортов для проезда по государственным спецдорогам, что свидетельствует о моментах бюрократии паломнического процесса в то время. Статья наглядно показывает, как мусульмане, в том числе казахские паломники, смогли использовать новые возможности, чтобы исполнить свой религиозный долг.

Ключевые слова: паломничество, Российская империя, железнодорожная сеть, пароходы, паломнические маршруты.

Кіріспе

Қазақ даласынан Меккеге аттанған қажылар Ресей империясы кезінде қажылық жасау үшін ұзақ және қиын жолдардан өтті. Бұл процесс бірнеше кезеңдерді қамтыды және маршруттар да аймақтағы саяси және экономикалық жағдайға байланысты өзгеріп отырды.

Ресей империясының мұсылман халықтарының өмірінде негізі парыздардың бірі қажылық маңызды рөл атқарды. XIX ғ. соңы – XX ғ. басында Ресей империясының құрамында әртүрлі халықтар мен діни бірлестіктер өмір сүрді. Солардың ішінде ең көп орын алатын мұсылман халықтары болды. Ресей империясы өз аумағын кеңейтіп, құрамындағы халықтарды бақылау мақсатында діни саясатқа ерекше көңіл бөле бастады. Қажылық, Ресейде ислам әлемінің басқа салаларындағы мұсылмандардың діни тәжірибелері мен әдет-ғұрыптарын таратуда үлкен рөл атқарды. Ресей империясы дәуірінде, қажылық арқылы түркі халықтары арасындағы қарым-қатынас саяси, этникалық және діни байланыстар, сондай-ақ әртүрлі халықтардың өкілдері арасындағы жеке қатынастар сияқты көптеген факторларға байланысты болды. Қажылыққа барған кезде әртүрлі халықтардың діндарлары кездесіп, араласып, тіпті жаңа байланыстар орната алады. Алайда, Ресей империясы кезеңінде бұл қатынастарды зерттеу мен сипаттау уақыттың саяси және мәдени факторларымен шектелгенін атап өткен жөн. Сонымен қатар, биліктің қажылыққа және оның ұйымына әсерін ескеру қажет, және де діни рәсім кезінде әртүрлі этникалық топтардың өзара әрекеттесуіне де әсер ету мүмкін екендігін естен шығармау керек.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясының қазақ жерлерінде кеңеюі және көлік инфрақұрылымының дамуы, пошта станциялары мен жақсартылған жолдар пайда бола бастауы бұл өз кезегінде ұзақ сапарларға жол ашты. Қажылар демалыс, қор жинау және жыл-

қыларды ауыстыру үшін пошта жолдары мен аялдамаларды пайдалана отырып, қазақ даласынан қажылық қозғалысын жеделдетті.

Материалдар мен әдістер

Ресей империясындағы қажылықты зерттеу ең алдымен соңғы жылдары жарық көрген әдебиеттерге шолу және соларға талдау жасау арқылы жүзеге асты. Меккеге баратын жолдарды және Ресей империясынан келген мұсылмандардың қажылығын зерттейтін заманауи авторлар өткен ғасырларда қалыптасқан зерттеу дәстүрлерін дамытуды жалғастыруда. Бұл еңбектерде қажылықтың тарихи, мәдени және саяси аспектілеріне, оның Ресейдің мұсылман елдерімен қарым-қатынасына, сондай-ақ маршруттардың инфрақұрылымы мен логистикасы қарастырылған. Мысалы, американдық тарихшы Даниэль Брауэр (1996) Ресей империясының мұсылман қауымдастықтарымен өзара әрекеттесуін егжей-тегжейлі зерттейді. Автор өз еңбегінде, Ресейдің отаршылдық саясаты аясында қажылықты қалай қолданылғанын қарастыра отырып, қажылардың Ресей аймақтарынан Меккеге баратын жолдарын зерттейді. Мәселе төңірегінде тыңғылықты зерттеу жүргізген авторлардың бірі, американдық тарихшы Айлин Кейн (2015) болса, Ресей империясының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында мұсылмандардың Меккеге қажылығын қалай ұйымдастырғанын және бақылау жұмыстарын қарастырады. Еңбек, тақырыпты зерттеуге маңызды үлес қосты және қажылық маршруттарын империялық саясаттың үлкен бір бөлігі ретінде көрсетеді.

Сонымен қатар, жұмыста қажылықтың тарихы мен ұйымдастырылуын зерттеу үшін тарихи құжаттар, мұрағаттық материалдар пайдаланылды. Әсіресе, ҚР Орталық мұрағат қорларындағы қазақ даласынан аттанған қажылар тізімі ерекше зерттеуді қажет етеді. Және де қазақ жерінде қажылық арқылы орын алған өзгерістер мен

діни саясаттың әсері, қазақтардың дүние түсінігі мен қазақ даласына әсерін анықтауда маңызды мәселердің бірі. Ресей империясының басқару саясаты ретінде енгізілген қажылық паспорттардың да орны ерекше. Архив деректері бойынша Қазақстан аумағынан қажылық жасағандардың нақты санын анықтау мүмкін емес. Әзірге басқа аудандар бойынша толық деректер жоқ, бірақ қажылықтың даму динамикасы, исламның осы уақытта қазақтар ортасында берік орныққанын көрсетеді. Сонымен қатар, ресейлік жолторап жүйелері арқылы жүру, қажылық паспорт алудың ең маңызды шарттарының бірі болды (ҚР ОММ. Ф.64. Оп1.кн1. Д. 982. 76- б). Бұл дереккөздерге ресми басқару құжаттары, қажылыққа аттанушылардың куәліктері сынды құжаттар мақаланың негізгі деректік қоры болып табылады. Сонымен қатар, қосымша деректік негізде дала өлкесінен аттанған қажылардың өлең жолдары және мәрсилері де сараланды. Және де көрсетілген әдебиеттер мен деректерге салыстырмалы түрде зерттеу және қажылық жолтораптарына тарихи талқылау жасалынды.

Талқылау

Ресей империясындағы қажылық тарихы соңғы жылдары кең қарастырылып келе жатқан тақырыптардың бірі. Мұсылмандардың қасиетті жерлеріне қажылық маршруттарын зерттеумен айналысатын авторлар тарихи, мәдени, саяси және әлеуметтік тұрғыдан жан – жақты түрде қарастырып келеді. Империяның әртүрлі аймақтарынан (Орта Азия, Кавказ, Еділ, Қырым) мұсылмандардың қажылықты қалай ұйымдастырғанын, қандай қиындықтарды жеңгенін және бұл Ресейдің саяси және әлеуметтік өмірінің контекстіне қалай сәйкес келетінін көрсетеді. Сонымен қатар, көптеген мұсылман халықтары бар Ресей империясының діни саясатын зерттейтін шетелдік зерттеушілер империяны күрделі және көп ұлтты мемлекет ретінде қарастырады. Олардың ішінде мұсылмандардың ең маңызды міндеті болып саналатын қажылықтың орындалуын зерттеу және білім беру мәселесімен қатар әлеуметтік-экономикалық жағдайлар да ерекше назар аударуды талап етеді. Айлин Кейн (2015: 241), Диляра Усманова (2005: 584) және т.б. сияқты ғалымдар қажылық туралы Ресей империясының контекстінде қарастырды. Олар қажылықтың мұсылман қауымдары үшін маңызы, қажылардың өмірлік тәжірибесі, қажылықтың саяси және әлеуметтік салдары, қажылар мен империялық мемлекет арасындағы өзара әрекеттесу сияқты тақырыптарды зерттеді. Осы тақы-

рып бойынша маңызды еңбектердің ішінен А.Т. Сибгатуллинаның (2008: 94-95) монографиясын ерекшелеп көрсетуге болады. Автор Ресейден Хиджазға мұсылмандық қажылықты ұйымдастырудың шарттарын қарастыра келе, маршруттар мен Осман империясының аумағында ресейлік қажылардың болуына байланысты негізгі проблемалар және т. б. көрсетеді. Аллен Франк (2001: 147) сынды ғалымдар Ресей империясындағы исламның мәдени және зияткерлік тарихын зерттеді. Еңбекте Ислам білімі, әдеби дәстүрлер және мұсылман қауымдары арасында діни білімнің таралуы сияқты тақырыптар қарастырылған. Осылайша, Ресей империясы кезіндегі қажылықты зерттей отырып, көптеген ғалымдар бізге діни өмірдің күрделілігі, мемлекет пен қоғамның қарым-қатынасы және көпұлтты және көп конфессиялы империялық контекстегі мәдени динамика туралы түсінік береді. Олардың зерттеулері қажылықты жаһандық құбылыс және оның мұсылман қауымдастықтары үшін маңызы ретінде анықтауға мүмкіндік береді.

Империя бойынша жаңа теміржол жолдарының құрылысы және Қара теңізде тұрақты пароход қызметтерінің пайда болуы Ресей мұсылмандарының қасиетті жерлерге баруды жеңілдетті. Әсіресе теміржол мен теңіз жолдары қажылар арасында кеңінен таралды. Одесса мен Стамбул арасындағы тұрақты байланысты қолдайтын Новороссийск пароходтық экспедициясының қызметтері Таяу Шығысқа сапар шеккен христиан және мұсылман қажыларының көбеюіне ықпал етті. Қажыларды тасымалдауда, пароходтық компаниялардың атқарған рөлі үлкен болды. Орыс пароходтық компанияларының ішінде ең ірісі 1856 жылы құрылған, Орыс пароходтық және сауда қоғамы болды (РОПиТ). Ол өзінің алдына, Қара теңізі, Азов және Жерорта теңіз порттары арасындағы желілерді қалпына келтіру, сыртқы сауданы кеңейту, теңіз шаруашылығын сондай – ақ, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамытуды мақсат етті. Орыс кеме қатынасы және сауда қоғамы 1857 жылы 21 мамырда бес пароходпен жүк және жолаушылар тасымалдау қызметін іске қосады. Ал, жылдың соңында, Одессадан Николаевқа, Херсонға және Кавказға дейін алғашқы үш пароходтық бағыт толық көлемде іске асырылып, тағы бірнешеуі сынақ ретінде желілер ашылды (Саидазимбаев, 1908:23).

Ресей империясындағы қажыларды тасымалдауда, Орыс Пароходтық және сауда қоғамы, кейіннен Солтүстік Пароходтық қоғам және Ерікті Флот (Добровольный флот) айналысты (Резван, 1998: 96-99). Алайда, бұл пароходтар Джиддаға

дейін толық тасымалдамаған, олардың көп бөлігі шетелдік компаниялардың пароходтарымен негізінен, Хедвие компаниясымен жететін болған. Саидазимбаевтың есебі бойынша (Саидазимбаев, 1908:14), ресейлік қажылар бұрынғы керуен жолдарынан бас тарта отырып, тез әрі қолайлы жаңа жолдарды жөн санады деп көрсетеді. Алайда, темір жолдар арқылы барудың алғашқы тәжірибелері бастапқы ұйымдастырылуынан бастап, әлсіз болды.

Империялық, экспансияның нәтижесінде Меккеге баратын ежелгі керуен жолдары XIX ғасырда Ресей аумағына қарады. Ал қажылық болса, дипломатиялық жолмен шешілетін мәселелер шеңберіне енді. Алайда, XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қажылық жасағандардың саны санаулы ғана болды. Себебі бұндай мүмкіндік кез келген адамда бола бермеді. Ресей модернизация процесін бастап, көлік желісін салуды қолға алғаннан кейін жағдай күрт өзгерді. Темір жол шалғай аймақтарды қолжетімді етті және Қара теңіз порттары мен Жерорта теңізін байланыстыратын пароходтар қозғалысы іске қосылды. Бұндай жағдай ендігі кезекте адамдардың мүмкіндіктерін арттыра отырып, Меккеге деген қажылық сапар жаппай құбылысқа айналдырды.

Сонымен қатар «ресейлік қажылық» феномені XIX ғасырдың аяғында жер шарындағы мұсылман халқының басым көпшілігі басқарып отырған империализмнің жаһандық тарихы контекстінде де қарастырады (Кейн, 2015). Және де Ресей қажылыққа демеушілік жасау арқылы құрамындағы мұсылмандарды халықаралық аренаға шығарып, оны интеграцияның ғана емес, сонымен қатар экспансияның құралы ретінде пайдаланды.

1840-1900 жылдары қажылықты қолдау үшін Ресей империясының үкіметі құрған халықаралық инфрақұрылым да басты назарда болды. «Қажылық инфрақұрылым» құру тарихын 1840 жылдардан бастау алады. Ол Закавказьеден басталып, Анадолы арқылы Дамаск пен Бағдадқа өтетін ежелгі бағыттармен, сол жерден түрік сұлтанының нұсқауымен жабдықталған керуендер арқылы Мекке мен Мединаға жеткен. Дәл осы кезеңде Ресей мемлекеті жол бойындағы консулдардан сапар барысында көмек пен қолдау сұрай отырып, қажылық мәселесіне жиі араласа бастайды. XIX ғасырдың ортасынан бастап Ресей қажылықты қолдаудың жүйелі саясатын жүргізе бастады. Бұл ең алдымен трансимпериялық инфрақұрылымның құрылысында көрініс тапты. Қажылық инфрақұрылым империяның географиялық ауқымы кеңейген сайын өзгеріс-

терге ұшырай отырып, дамыған жүйе ретінде анықталды.

1890 жылға қарай он мыңдаған мұсылмандар ескі керуен жолдарынан бас тартып Ресей жерлері мен Қара теңіз порттары арқылы қажылыққа барды. Олардың арасында Ресейдің Орталық еуропалық бөлігінен Еділ-Орал және Сібірде, Орталық Азияда өмір сүрген мұсылмандар ғана емес Бұхара, Хива, Иран, Ауғанстан және Қытай мұсылмандары да болды. Ресейдің басты Қара теңіз порты Одесса арқылы қажылар санының күрт артуы тіпті қасиетті қалалардағы тәртіпке жауапты Мекке шерифінің де назарын аударды. Ол Хиджазда қажылықты бақылап, жыл сайын көптеген қажылық жолындағы транзиттік орталықтар Неджеф, Кербала, Бағдат, Бомбей, Решт және Стамбул сияқты ірі қалаларға кәсіби жол көрсетушілерді жіберіп отырған (Сибгатуллина, 2010).

Қажылық көлемінің артуы Ресейдің Түркістандағы миллиондаған мұсылмандарды біріктіру жөніндегі мерзімімен түспа түс келді. Алайда, жақын арада құрамына кірген аймаққа панисламдық қауіп туралы алаңдатушылық күшейді. Кейбір ресейлік мемлекет қайраткерлері қажылықтың тыңшылық негіздері туралы айта отырып, қажыларға тән фанатизм мен халықтық байлық көздерін ысырап ету тәсілі ретінде талқылап, қажылар жат халыққа үлкен ақша жұмсап қайтарымсыз көшеді деген пікірді ұстанушылар да болды. Одан бөлек Ресей империясына жүкпалы аурулардың, ең алдымен тырысқақ пен обаның енуі ерекше алаңдатушылық тудырды (Шафиқов, 2014). Осы себептерге байланысты қажылықтың жаппай белең алу кезінде оған қатысты ақпаратты жинау да күшейе түсті. Бұған қажылық төңірегіндегі жағдай, онымен байланысты мәселелер және оларды шешу жолдары туралы XIX-шы ғасырдың соңғы ширегі мен XX-шы ғасырдың басына қатысты әртүрлі деңгейдегі билік органдарында жасалған есептер мен құжаттар дәлел болады.

Нәтижелер

XIX ғасырдың аяғынан және әсіресе XX ғасырдың басында Орталық Азиядан келген қажылық қозғалысының айтарлықтай жандануының негізгі себебі, Ресей империясында коммуникацияның жақсаруы, пароходтар мен теміржол байланыстарының таралуы, саяси тұрақтандыру сынды интеграциясының тарихи объективті салдары болды. Бұл жағдайды мұсылмандар тарапынан американдық тарихшы Р. Круз (2006), мұсылман халықтарына бір – бірімен байланысу

мүмкіндігі ретінде түсіндіреді. Яғни, империялық басқару саясатын, басқа елдің мұсылмандарымен байланыстырушы құрал, мүмкіндік ретінде пайдаланды.

1908 жылы Джиддаға барып, бақылау жұмыстарын жүргізген Саид Гани Саидазимбаевдың (1908:23) мұсылмандардың Меккеге баруы бойынша Патша үкіметіне берген есебінде жол мәселесі бойынша, теміржол желілерінің Орталық Азия мен Шығыс Ресейде орналасуына байланысты Түркістан мен оның маңайындағы мұсылман қажылары белгілі бір жерлерге жиналып, теміржол бойымен әрі қарай жүруі қажет болды. Бұндай жиналу орталықтары: Әндіжан, Горчаков, Қоқан, Ходжент, Самарқанд, Черняево, Ташкент, Кабулсай, Перовск, Қазалы және Түркістан жерлері болды. Мұсылмандар орналасқан аймақтардан, бұл станцияларға апаратын жолдар таулар арқылы немесе шөл дала арқылы созылып жатты. Осы жерлерге көптеп жиналып, қажылар пойызбен жүру жағдайы төмен болды, бірнеше күн күтуге мәжбүр болды. Басқа поездтарға ауысу орындарында жағдай мүлде нашар болды. Мәселен, Самара және Пенза станцияларында келесі поездді күту уақыты өте ұзақ, әрі вагондар Сібірден келетін вагондарда орындар саны толы болды.

1905 жылдан бастап Түркістанды Еділ және Орталық Ресеймен байланыстыратын Ташкент темір жолы арқылы қозғалыс ашылған кезде, Түркістан, Семей, Ферғана облыстарының және оларға іргелес жатқан басқа жерлердің қажылары Бұхара Персия Қытай мен Ауғанстанның шекара иеліктерінің тұрғындарын қоспағанда, жаңа жолмен жүрудің қарқынын одан әрі күшейте түсті.

Қажылардың көпшілігі Қара теңіз арқылы Геджасқа бармас бұрын, алдымен Константинопольға баратын болды. Мұсылман мемлекетінің астанасы ретінде саналатын бұл жерге барудан бұрын, қажылар Константинопольден сұлтанның қайырымдылық пароходтарымен Меккеге жете алады деген қауесетке сеніп, сол арқылы баруға тырысты. Бұл қауесеттер белгілі бір дәрежеде шындыққа да жататын едін. Себебі, Сұлтанат тарапынан жылына қайырымдылық пароходтары жүретін. Алайда, пароходтық агенттер тарапынан терең қанаушылыққа ұшырайтын еді (Сибгатуллина, 2010: 190).

Осы орайда, Ресей империясынан қажылық сапарға аттанушылар, Осман империясының жерлері арқылып басып өтуінің маңызы зор болды. Мұсылмандар өміріндегі қажылықты атқару ісінің негізгісі олардың Меккеге дейінгі жолдарын таңдаудың да ерекшеліктері болды. Ресей-

лік қажылар Араб еліне уақыт сынынан өткен үш негізгі жолмен жетті.

Бірінші бағыт – Сухуми, Батуми, Потти, Теодосия, Керчь, Новороссийск, Херсон, Одесса порттарынан, кейде Севастопольден басталатын «Солтүстік» (немесе Қара теңіз) жолы болды. Оның өзі әрі қарай Ыстамбул арқылы Египет немесе Сириямен өтетін екі жолмен Меккеге дейін жетті. Бұл қажылық жолын негізінен Ресей империясының еуропалық бөлігінде, Солтүстік Кавказ аймағында тұратын сунниттік мұсылмандар пайдаланды. XIX ғасырдың аяғындағы мәліметтер бойынша, жыл сайын 2-ден 3 мыңға дейін қажылар «солтүстік» бағытты таңдаған (Нуриманов, 2019: 74-89). Бұл бағыт қажетті ресми құжаттарды рәсімдеу тұрғысынан ең қымбат және қиын болды.

Жолдың «мысырлық» бөлігі Александрия мен Суэц арқылы Араб жеріне Джидда немесе Ямбу порттарына, одан Мекке мен Мединаға қарай бағыт алды.

Ғасырлар бойы Каирден Меккеге жыл сайын үлкен қажылық керуендері баратыны белгі. Кейбір ресейлік қажылар, негізінен теологтар мен ғибадат қызметкерлері әлемге әйгілі исламдық оқу орны әл-Азхарада және басқа да Каир медреселерінде уақыт өткізуге, әріптестерімен араласуға және білімдерін толықтыру үшін қажылық маршрутына Мысыр астанасын да енгізді. Сол жерден қажылық керуенінің шығуын күте отырып, олар Меккеге аттанып отырды. Алайда, 1869 жылы Суэц каналының ашылуымен және Джиддаға дейінгі теңіз жолдары арқылы шығуымен Египеттің қажылық керуенінің маңызы біртіндеп жойылды.

«Солтүстік» қажылық жолының «сириялық» бағыты Стамбулдан Гебзе, Эскишехир, Кония, Адана және Алеппо арқылы Дамаскіге барады. Осы жерден Балқаннан, Анадолыдан, Орталық Азиядан, Кавказдан және Ираннан келген қажылар Сирияның қажылық керуеніне қосылды.

Екінші бағыт – «Закавказье» жолын негізінен Арабияға бара жатқан ресейлік шиіт мұсылмандары пайдаланды. Олар жол бойында орналасқан өздеріне қасиетті саналатын Наджаф, Кербала және Куфа қалаларын басып өтеді. Қажылық топтары Иракпен шекаралас Иранның Керманшах қаласына шоғырланып, одан Бағдадқа бет алды. Одан әрі Мекке мен Мединаға баратын үлкен қажылық керуенінің бір бөлігі ретінде жол бойындағы шиіттердің қажылық орталықтарын аралады. 1899 жылғы мәліметтер бойынша, жыл сайын 12-ден 15 мыңға дейін ресейлік қажылар осы жолмен өткен (Арапов, 2002: 116-121).

Үшінші бағыт «Орталық Азия» жолы Орта Азия, сондай-ақ татарлардың едәуір бөлігі тү-

ратын Сібір мен Орал мұсылмандары үшін ең қолайлы болды. Бұл жол Самарқанд пен Бұхара арқылы өтіп, Ауғанстанның солтүстігі, Мазари-Шариф қаласы, одан әрі Ауғанстанды Хайбер асуы арқылы Британдық Үндістанмен байланыстыратын Кабул, Пешавар арқылы өтті. Пешавардан қажылар пойызбен Карачиге немесе Бомбейге, одан әрі теңіз арқылы Араб түбегін айналып Джиддаға немесе Янбоға барды.

Құрамында мұсылмандар саны екі есеге артқан Ресей империясы үшін Ыстамбұл сынды қажылардың тұрақтайтын жерлері де, аса бақылауды қажет етті. Себебі, Ыстамбұл қасиетті Мекке мен Медина қалаларына барар жолда, Ресей мұсылмандары үшін негізгі транзиттік пункт болып саналды. Мұнда алыс жолдардан шаршаған саяхатшылар демалып, сапарларын жалғастыру үшін күш – жігер жинап, рухани тұрғыда да дайындалып, азық-түлікпен жабдықталатын. Тіптен, XIX ғасырдың соңғы жылдарында, православиелік Палестина комитетіне ұқсас, мұсылмандық қажылық жөніндегі арнайы комиссия құру мәселесі талқыланды. Соған ұқсас, мұсылман қажылығын ұйымдастыру мәселесінде, ресейлік барлық мұсылмандар үшін тек бір ғана бағыт, Ыстамбұл арқылы жүру жоспарланған (Васильев, 2006: 8-50). Осыдан барып, техникалық модернизация нәтижесінде пойыз жолдарының салынуы, ыңғайлы жылдам жүретін кемелер өз кезегінде, Ыстамбұлға баратын жол уақытын айтарлықтай қысқартты. Османлы империясының астанасына баратын бірнеше жаңа жол тораптары ашылды. Атап өтетін болсақ, Мәскеу бағыты: Варшава мен Вена арқылы Мәскеуден пойызбен саяхатшылар Ыстамбұлға 6 күнде жететін болды. Бұл бағыт әрине теңіз жолдарына сенімсіздік білдіретіндер үшін ыңғайлы болды. Алайда, билет құны өте қымбат болды (шамамен 100 рубль). Келесі, Севастополь бағыты болды. Бұл жерден Ыстамбұлға дейінгі пароход аптасына бір рет жүретін. Жол жүру уақыты ауа-райына байланысты 30 сағаттан екі күнге дейінгі уақытты құрады. Бірақ, кемелер кішкентай әрі ескі болғандықтан, дауылды ауа-райында олармен жүзу қауіпсіз болмады. Сонымен қатар, қажылық парызды өтеу мезгілінде билет құнын арттырып жолаушылардан нормадан әлдеқайда көп төлем алынды. Оған қоса, бұл пароходқа билет табу да қиын болды. Батум бағыты. Кавказ мұсылмандары үшін ыңғайлы жол болды. Қолайлы ауа-райында 7-8, ал нашар ауа-райында 10-12 күнде пароходпен Ыстамбұлға жетті. Жөнелту уақыты да жиі әрі кемелері де үлкен болды (Сибгатуллина, 2008: 93). Осы бағыт бойынша, 1890 жылы белгісіз қазақ қажылығы туралы қал-

дырған қолжазбасында: «Батумнан Ыстамбұлға кемемен 3 күн 3 түнде бардық, кемемен бирлан Орта жолда Исламфулға қараған шахарлар бар екен. Оларға жүк тастап, жүк алып жүрдік. Кеме хақы 9 сом 15 тиын болды, тамақтан, құдайыдан бөлек. Исламфулда бір жұма түрдық Ғабдул Хамид деген Исламфулдың падшасы Аясофы мешітіне хар жылда рамазанның ортасында жұма күні барып намаз оқиды екен. Ақшаны сол жерде алтынға, күміске айырбастадық, ихрам киімін алдық. Одан башқа көрген ғайыри тамаша көп. Алла тағала хәр мұсылманға көрмекні нәсіп етсін. Иана (жаңа) Исламфулдан төрт күн, төрт түн кеме бирлан Ескендрияға (Александрия) бардық» (Мухтарова, 2009), деген жолдардан бұл бағыттың қазақтар арасында да кең пайдаланғанын көре аламыз. Сонымен қатар, бұл қажылар тобы, қайтар жолды Ресей империясы белгілеген карантиндік пунктерін айналып өту мақсатында, Мумбаймен құрғақ жермен қайтуды жөн көрген.

Алайда, Ресей үкіметі мұсылмандарға Осман Империясының территориясы арқылы Меккеге баруға үнемі тыйым салып, болмаса бақылауды күшейтіп отырды. Бұл Ресей мен Түркия арасындағы соғыстарға, әлемдегі ең ірі отаршыл империялар арасында пантюркизм мен панисламизмнің таралуынан сақтануға, сондай-ақ Шығыс елдерінің тұрғындары арасында әртүрлі жұқпалы ауруларға байланысты шектеу қойып отырды. Сонымен қатар, ресейлік билік өкілдерінің түсінігі бойынша, XIX–XX ғғ., қажылық, діни және саяси оқшаулануға ұмтылу мағынасында мұсылман фанатизмін қозғау мен нығайтудың қуатты құралдарының бірі болды. Және де, қандай ұлт пен мемлекетке жататынына қарамастан, өз араларында жасырын түрде барлық сүннит мұсылмандарының құрметті басшысы ретінде түрік падишағын рухани түрде мойындау орын алды (Усманова, 2005: 584).

Ыстамбұлда дәстүр бойынша қажыларды нағыз дәлилдер немесе олардың өкілдері – вакилдер қарсы алды. Бұл жерде қажылар, келген еліне немесе ұлтына байланысты бірнеше топтарға бөлінді. Ресей империясының қажыларын Бұхарлық дәлилдер, Дағыстан, Қырымның және Қазанның дәлилдері алып жүрді. Өкінішке орай, өздерін далилдің өкілі ретінде көрсететін адамдарға қажылар жиі алданып қалатын жағдайлар да болды. Ондай жағдайлар Ресей рублін түрік лирасына айырбастауға көмектесу, билет сатып алу және жүктеріне қарау сынды қызметтер көрсету барысында орын алды.

Сонымен қатар, қажылық жол бойындағы карантиндік тұрақтар ресейлік қажыларды ба-

қылау және санитарлық қажеттіліктерді талап етсе, қажылар үшін кей кезде мүмкіндік ретінде де болған. Мәселен, қазақтың беделді ақыны, Шәкәрім Құдайбердіұлы 1905 жылы қажылық міндетін орындаған. Ол туралы, Далалық генерал-губернаторының Канцеляриясы тіркеген келесі құжатта ақынға №6424 шетелдік паспорт (бұл паспорттың мерзімі үш ай ғана болған) берілгені көрсетілген. Шәкәрім қажылық сапарға 1905 жылдың қараша айында аттанып, келер жылдың наурыз айында Семейге оралған. Канцелярияның №2637 іс-қағазында 1906 жылдың 28 наурызында «Шәкәрім Құдайбердиннен шетелдік паспорт қайтып алынды» делінген (ЦГА РК. Ф.64. Оп 1.кн 2. Д. 2332). Және ақын қайтар жолда Ыстамбұлдағы карантиндік бақылау орталығында болады. Ақын бұл туралы:

Пароходта жүріп жолда,
Әр елде кез келіп молда.
Он үш күн боп Стамболда,
Керек кітап табылғаны-ай! –

деп, осы шумақтан бізге ақынның Ыстамбұлға пароходпен жеткенін, бұл қалада он үш күн болып, керек кітаптарды тапқан қуанышын жеткізеді. Сонымен қатар, ақынның ұлы Ахат ақсақал әкесінен естігендерін былайша баяндайды: «Меккенің тарихи орындарында болып, көп қажеттерімді таптым, – деп әңгімелеген екен Шәкәрім. – Мәдинаға бардым. Одан араб халқының ескі замандағы Абу Суфиян сияқты ғалымдары шығармаларымен танысып, кітаптарын алдым. ...Қайта қайтқанда бізден ауру шығып, бір айдай Стамболда жатып қалдық. Мен доктормен келісіп, Стамболдың тарихи орындарын тағы ақтардым. Үнді, парсы ғалымдарымен пікір алыстым» (Шәкәрімұлы, 1994: 37) деп көрсетеді. Осыдан, Семей өңірінен ұзап шыққан Меккеге сапары беймәлім алыстағы ел-елді, жер-жерді көріп, танысуға мүмкіндік берген, әрі рухани серпіліс сыйлаған сәтті сапар болғаны даусыз. Және үш айдай қажылық сапардан зердесін байытып қана қоймай, мол ғылыми-танымдық әдебиеттер жинап оралғанын көреміз.

Осылайша, қажылық бойындағы ұзақ сапарлар, мәдениетаралық қарым-қатынастың дәстүрлі құралы бола отырып, әлем тарихында әртүрлі халықтар мен діни дәстүрлердің, мәдениеттердің өзара байыту құралы ретінде ерекше маңызға ие болды. Қажылар жол бойында әртүрлі халықтармен байланыса отырып, мәдени араласу нәтижесінде жанашылдықтың бастаушылары, қалыптастырушыларына айналды. Бұл жағдайда, түрлі дәстүр өкілдері үшін басқа әлемді көру,

бір – біріне халықтардың өркениеттік дамуының процесстерін салыстыру негізінде жаңаша көзқарастардың қалыптасуына түрткі болды.

Алғашқы маңызды әрекеттердің бірі қажылыққа мемлекеттік бақылауды орнату жолындағы қажылық маршруттарын зерттеу және талдау болды. Тиісті мағлұматтарды жинау 1880 жылдардан бастап қажылар жүріп өтетін транзиттік орталықтарда ашылған жаңа консулдық өкілдіктерге жүктелді. Соған сәйкес қажылардан алынатын ақпаратты жинақтаудың негізгі орталықтары Бағдад, Джидда, Кербала, Мешхед, Стамбул және Бомбей сияқты консулдықтар орналасқан қалалар болды. Бұл қалалардағы консулдық мекемелер Ресей қажыларын бақылауға алып, оларға қызмет көрсетіп, сыртқы істер министрлігіне қажылардың іс-әрекеті туралы есеп беріп отырған. Көріп отырғанымыздай жаңадан құрылған консулдықтар желісі Кербала мен Мешхед сынды шииттік қажылық орталықтарын да басып өтеді. Сондықтан да бұл жолдармен өту барысы үнемі патшалық биліктің назарында болды (Васильев, Нефляшева, 2013). 1870 жылдардан бастап Ресей мұсылмандарының қажылықпен байланысты мәселелері Сыртқы істер министрлігінде атап айтқанда, Ыстамбұлдағы елшілікте, кейін Джидда қаласындағы консулдықтарда қаралып отырды. Бұл мәселеге сыртқы саяси ведомствоға Түркістан, Новороссийск өлкесі, Бессарабия генерал – губернаторлары сондай – ақ Кавказ губернаторы сынды мұсылмандар тығыз орналасқан өңірлердің әкімшілік басшылары да қосылды. Жергілікті шенеуніктерге жоғары билік органдарына өз бақылауындағы мұсылмандардың Меккеге қажылыққа баруына байланысты жағдайларды хабарлау міндеті жүктелді.

Қажылық жолының бойында орналасқан орталықтарда консулдық желіні қалыптастыру XIX ғасырдың аяғында қажылыққа қатысты мемлекеттік саясаттың жаңа жүйелік деңгейге шыққанын көрсетеді. Ол жерлерде қажыларға көмектесуден басқа консулдық мекемелер көптеген басқа да функцияларды орындады. Мәселен, қалада болған ресейлік мұсылмандарының есебін жүргізу, қажылық жасағаннан кейін Ресейге оралған діни фанатизм бойынша күдікті азаматтар туралы хабарлау және ол туралы нақты түсінік алу үшін тіптен солармен бірге қажылық жасау міндеті де жүктелген. Сондай-ақ оған исламның қасиетті қалаларының саяси маңыздылығын анықтау, мүмкіндігінше сауданың жай күйін зерттеу, Ресей саудагерлерінің жергілікті тұрғындармен сауда байланыстарын орнатуға көмектесу, шейхтермен байланыс орнату, жер-

гілікті елдердің саяси жағдайын білу үшін ішкі Арабияға сапарлар жасау, Қызыл теңіз жағасында орналасқан Ямбу портының маңыздылығын және сол жерге агент тағайындау қажеттілігін анықтау сынды тапсырмаларды атқарған.

Джиддада консулдық бөлімнің пайда болуымен Хиджазға келген ресейлік қажылардың шамамен есебін жүргізу мүмкіндігі туды. Ш.М. Ибрагимов қайтыс болғаннан кейін осы лауазымды атқарған Джиддадағы екінші ресейлік бас консул А.Д. Левицкийдің 1893 және 1894 жылдардағы есебінен Ауғанстан, Үндістан және Суэц арқылы Арабияға 1891 жылы 2 мыңнан астам ресейлік мұсылмандарының қажылары келгенін білеміз. Ал 1892 жылы – 3850 адам, 1893 жылы – 6136 адам, 1894 жылы-3349 адам қажылық сапарын жасаған. Сонымен бірге, бұл сандардың нақты көрсетілмегенін де атап өтуіміз қажет. Себебі, олардың көпшілігі паспортсыз келуіне байланысты қажылардың нақты санынан есептеу мүмкін болмады. Алайда Бағдад пен Джиддадан келген басқа консулдық есептерге сәйкес бір маусымда шииттер мен сунниттер арасынан Ресей қажыларының саны шамамен 18 ден 25 мыңға дейін болды (Арапов, 2009: 63). Бұл XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Ресейден келген қажылардың нақты санын анықтау бірнеше себептерге байланысты мүмкін болмағанын тағы бір дәлелдейді. Атап өтетін болсақ, кейбір қажылардың паспорттарының, жол жүру құжаттарының болмауы, ішкі ұйымдардың әлсіздігі, қажылардың әр түрлі жолдармен қозғалысы және шекара пункттері мен шекарадан өтіп бара жатқан қажыларды тіркейтін мемлекеттер арасындағы нақты белгілердің болмауы сынды себептер әсер етті.

XX ғасырдың басында Ресей билігі Меккеге барушыларға қатысты бақылау саясатын жалғастырды. 1911 жылы Стамбулдағы Ресей елшісі Н.В. Чарыков Ресей құрамындағы мұсылмандардың ғана емес, сонымен бірге Ресей темір жолдары мен пароходтарды Меккеге саяхаттау үшін пайдаланатын Ресейге іргелес Орта Азия мемлекеттерінің мұсылмандарының қажылық жасауына да мүмкіндік береді деп жазды (Арапов, 2002: 148-164). Және де ол қажылықтың қауіпсіздігі мен қолайлылығын қамтамасыз ете отырып, Ресей консулдық мекемелерінің белсенді қатысуымен Константинополь арқылы жеңілдетілген пароходтық қатынастардың жүйесін ұйымдастырып және соған рұқсат берді.

Қазақ даласынан қажылыққа аттанған заманында кең танымал болған тұлға Абдурашид Ибрагимовтың автобиографиясында Меккеге дейінгі жолдары жазылған. 1878 жылы Абдурашид

Ибрагимов терең діни білім алу үшін Мединаға бару туралы шешім қабылдады. Ол кезде ол 21 жаста бола отыра, Ақмола облысында бай қазақтардың балаларына сабақ беретін. Бұл мәселеде оған Омар есімді болыс, жергілікті қазақ байы көмектесуге шешім қабылдап, сапарға қажетті 150 рубль береді. Алайда Мекке мен Мединаға жету өте қиын әрі ауыр жол болды. Жолдағы қиындықтарға қарамастан А.Ибрагимов қазақ қажыларымен бірге жол сапарына аттанады. Ол кездерде екі жолмен бағыты болды. Бірінші бағыт ескі және көбінесе құрлықпен Бұхара мен Үндістан арқылы өтті, ал екінші бағыт теңіз арқылы Одесса мен Стамбул арқылы жүрген. Абдурашид Ибрагимов екінші бағытқа баруды ұйғарады. Алдымен Нижний Новгородқа жетіп, одан кейін Мәскеу арқылы Одессаға пойызбен барды. Тәжірибесіздігінен ол тым аз ақша алған болып шығады. Одессада оның 30 сомы ғана қалды. Ал Одессадан Жиддаға жету үшін шамамен 150-300 рубль болуы керек еді. Нәтижесінде мәрмәр моншаға тығылып, Ыстамбулға бет алған итальяндық кемеге мініп үлгерді. Жолда бір тиын қалмаған Ибрагимов, Ыстамбулда тұратын Еділ бойының тумасы Мұхаммедрахим Ефендидің көмегі арқасында Осман империясында біраз уақыт тұруға мүмкіндік алды. Сонда Иркутск қаласынан келген Хисаметдин бай деген татар көпесі оған ақшалай көмек көрсетеді. Жиддаға баратын пароход билетін сатып алғаннан кейін олар қасиетті жерлерге бірге аттанады (Әхмәтова, 2001). Қасиетті жерлерге сапар, ұзақтығымен қатар қауіпті де болды. Қажылар көбінесе жол бойындағы тонаушыларға, қарақшыларға, түрлі аурулармен, су мен азық-түліктің жетіспеушілігіне тап болды. Ауа-райының қолайсыздығына және әсіресе теңіздік саяхаттары әрқашан қауіпсіз бола бермейді. Осылайша, Ресей империясындағы қазақ даласынан Меккеге қажылық өте күрделі және ұзақ болды, бірақ көлік инфрақұрылымының дамуы мен дипломатиялық күшжігердің арқасында бұл саяхат көптеген мұсылмандар үшін үлкен мүмкіндіктер тудырды.

Қорытынды

Мекке мен Мединаға қажылық маршруттарының қалыптасуын талдау XIX- ғасырдың екінші жартысы мен XX-ғасырдың басындағы Ресей мұсылмандарының қажылығын ұйымдастыруға қатысты жағдайға жаңаша қарауға мүмкіндік береді. Қажылардың Арабияның қасиетті жерлеріне баратын жолын таңдауға бірнеше факторлар әсер етті. Олардың ішінде саяхаттың бастапқы нүктелері, қажылардың қаржылық

мүмкіндіктері, көлік түрлеріне қатысты таңдаулары, аймақтық жағдай, қозғалыс қауіпсіздігі, мұсылман орталықтарына және Хиджаздан тыс қасиетті орындарға бару жоспарлары сынды жол бағыттарын да таңдап отырды. XIX ғасырдың ортасынан бастап қажылық ұйымына тиімді фактор ретінде техникалық прогресс қосылды. Тұрақты теңіз және темір жол қатынасының жолға қойылуы Ресей мұсылмандарының қажылық сапарына түбегейлі әсер етіп, оны қауіпсіз әрі қолжетімді ете түсті. Сонымен қатар, қажылардың қажеттіліктеріне мемлекет тарапына назарын аударыла отырып, Ресейден Мекке мен Мединаға қажылықты ұйымдастыру үдерісін бақылау мен реттеу мәселесінде де сапалы өзгерістер орын ала бастады. Ресей империясы қажылықты империялық интеграция мен экспансияның құралы ретінде сәтті қолданды. Сонымен қатар, империя Арабияға қажылық сапарлары негізінде жүзеге асырылған исламдық жаһандық байланыстардың арқасында беделге ие болды.

Қажылық жолында бірнеше кедергілер мен қиындықтарға да ұшырады. Мәселен, қазақтар үшін қажылық сапардың қамтамасыз етудегі қымбатшылығымен қатар, төлқұжат алу процесі де қиындық туғызды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, патшалық Ресей билігі дала аймағында халықтың исламдануын қолдау-

ды тоқтатып, бағытын орыстандыру мен қазақ халқының мәдени ассимиляциясының тұрақты тенденциясына ауыстырды. Осыған байланысты қажылық жасау үшін паспортты рәсімдеу қажетсіз бюрократияға ұшырады. Сонымен қатар, жолдар мен санитарлық мәселерлерден басқа, шекара аймақтарында ұзақ тексерістерден өту қажылар үшін қиын жағдайлар тудырды. Әсіресе Түркия арқылы барған қажылар аса бақылауда болды. Қоғамға кері агитациялық ойларды таратады деген қауіп, оларды келгеннен кейін де қатаң бақылаудан өтуге мәжбүрледі. Ресейде шетелдік төлқұжат алудың қиындығымен қатар, эпидемияға байланысты қажыларға төлқұжат беруге әр кезеңдерде, түрлі тыйым салулар да көрініс тапты. Алайда, Ресейден қажылыққа барушылардың санын азайта қойған жоқ. Империялық экспансияның нәтижесінде Меккеге баратын ежелгі керуен жолдары XIX ғасырда Ресей аумағына қарады. Ал қажылық болса, дипломатиялық жолмен шешілетін мәселелер шеңберіне енді.

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің АР23489947 – «Империя құрылымындағы Дала өлкесінің тарихы, 1822-1917 жж.» гранттық қаржыландыру ғылыми жобасын іске асыру шеңберінде дайындалған.

Әдебиеттер

- Арапов Д. Ю. (2002). Русский посол в Турции Н. В. Чарыков и его «заключение» по «мусульманскому вопросу» 1911 г. Вестник Евразии. № 2 (17). С. 116-121.
- Арапов. Д.Ю. (2009) Отчет штабс-капитана Давлетшина о командировке в Хиджаз . Хадж российских мусульман. № 2. Ежегодный сборник путевых заметок о хадже. Н. Новгород. С. 63.
- Brower D. (1996). Russian Roads to Mecca: Religious Tolerance and Muslim Pilgrimage in the Russian Empire. Slavic Review. Т. 55. № 3. Pp. 567-584.
- Васильев А. (2013). Паломники из России в шиитских святынях Ирака. Конец XIX века. Восточный архив. № 1(27). С. 9–17.
- Васильев Д. В., Нефляшева Н. А. (2006). Конструирова империю: исламские периферии России. Научные труды Института бизнеса и политики (см. в книгах). № 3. С. 8-50.
- Габдерәшит Ибраһимов. (2001). Тәржемәи хәлем. Китапны басмага әзерләде Ф.Әхмәтова. – Казань: «Иман» нашрияты. 71 б.
- Ислам в Қазақстане: паломничество (XIX – начало XX вв.). Сборник материалов. Руководитель проекта Г.Р. Мухтарова. // Науч.ред. Нурсан Алимбай. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 640 с.
- Kane E. (2015). Russian Hajj: Empire and the pilgrimage to Mecca . thaca, NY: Cornell University Press,– 241 p.
- Crews R.D. (2006). For prophet and tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia. Cambridge, Massachusetts. London, England. Pp. 14, 20, 26, 95.
- ҚР ОММ. Ф.64. Оп1.кн1. Д. 982. 76- б.
- ҚР ОММ. Ф.64. Оп1.кн2. Д. 2332. 117 – б.
- Нуриманов И.А. (2019). Становление паломнических маршрутов мусульман Российской империи в Аравию во второй половине XIX – начале XX в. Вестник Моск. Ун-та. Серия Востоковедение. № 2. С.74-89.
- Резван Е.А. (1998). Ал-хаджж из России. Ислам на территории бывшей Российской империи: энциклопедический словарь. Вып. 1. М., С. 96–99.
- Саидазимбаев С. Г. (1908). Отчёт о движении мусульманских паломников в Мекку в 1908 г. Спб., Типография «Экспресс». 23 с.
- Сибгатуллина А. Т. (2008). До Мекки через Стамбул. Родина. № 5. С. 94–95.

- Сибгатуллина А. Т. (2010). Контакты тюрок-мусульман Российской и Османской империй на рубеже XIX-XX в. М., С. 190.
- Усманова Д. М. (2005). Мусульманские представители в Российской парламенте. 1906-1916. Казань: Фэн, – 584 с.
- Frank A. J. (2001). Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. Brill, T. 35. 147 p.
- Шафиков И.Ф. (2014). Путь в Мекку: Будни Российских паломников (конец XIX–начало XX века). Ученые записки Казанского университета. Серия Гуманитарные науки. Т. 156. №. 3. С. 103-110.
- Шәкерімұлы А. (1994). Қажылық сапары. Абай. № 9. Б. 37.

References

- Arapov D. Yu. (2002). Russkii posol v Turtsii N. V. Charykov i ego «zaklyuchenie» po «musulmanskomu voprosu». [Russian Ambassador to Turkey N.V. Charykov and his “conclusion” on the “Muslim question”]. 1911 g. Vestnik Evrazii. № 2 (17). S. 116-121. (In Russian)
- Arapov. D.Yu. (2009) Otchet ştabs-kapitana Davletşina o komandirovke v Hidjaz. Hadj rossiiskih musulman. [Staff Captain Davletshin’s report on a mission to Hijaz. Hajj of Russian Muslims]. № 2. Ejegodnyi sbornik putevyh zametok o hadje. N. Novgorod. S. 63. (In Russian)
- Brower D. (1996). Russian Roads to Mecca: Religious Tolerance and Muslim Pilgrimage in the Russian Empire. Slavic Review. T. 55. №. 3. Pp. 567-584. (In English)
- Vasilev A. (2013). Palomniki iz Rossii v şiitskih svyatynyah İraka. Konets XIX veka. [Pilgrims from Russia at the Shiite shrines of Iraq. Late 19th century]. Vostochnyi arhiv. № 1(27). S. 9–17. (In Russian)
- Vasilev D. V., Neflyaşeva N. A. (2006). Konstruiruya imperiyu: islamskie periferii Rossii. [Constructing an Empire: Russia’s Islamic Peripheries]. Nauchnye trudy İnstituta biznesa i politiki (sm. v knigah). №. 3. S. 8-50. (In Russian)
- Gabderäşit İbrahimov. (2001). Tärjemäi hälem. [Translation activities]. Kitapny basmaga äzerläde F.Ähmätova. – Kazan: «İman» naşriyatı. 71 b. (in Tatar)
- İslam v Kazahstane: palomnichestvo (XIX – nachalo HH vv.). [Islam in Kazakhstan: pilgrimage (XIX – early XX centuries)]. Sbornik materialov. Rukovoditel proekta G.R. Muhtarova. Nauch.red. Nursan Alimbai. – Almaty: Baspalar üii, 2009. – 640 s. (In Russian)
- Kane E. (2015). Russian Hajj: Empire and the pilgrimage to Mecca . thaca, NY: Cornell University Press,– 241 p. (In English)
- Crews R.D. (2006). For prophet and tsar: Islam and empire in Russia and Central Asia. Cambridge, Massachusetts. London, England. Pp. 14, 20, 26, 95. (In English)
- QR OMM. F.64. Op1.kn1. D. 982. 76- b.
- QR OMM. F.64. Op1.kn2. D. 2332. 117 – b.
- Nurimanov İ.A. (2019). Stanovlenie palomnicheskikh marşrutov musulman Rossiiskoi imperii v Araviyu vo vtoroi polovine XIX – nachale XX v. [The formation of pilgrimage routes of Muslims of the Russian Empire to Arabia in the second half of the XIX – early XX century]. Vestnik. Mosk. Un-ta. Seriya Vostokovedenie. № 2. S.74-89. (In Russian)
- Rezvan E.A. (1998). Al-hadj iz Rossii. İslam na territorii byvşei Rossiiskoi imperii. [Al-Hajj from Russia. Islam in the territory of the former Russian Empire]. entsiklopedicheskie slovar. Vyp. 1. M., S. 96–99. (In Russian)
- Saidazimbaev S. G. (1908). Otçet o dvijenii musulmanskih palomnikov v Mekku v 1908 g. [Report on the Movement of Muslim Pilgrims to Mecca in 1908]. Spb., Tipografiya «Ekspress». 23 s. (In Russian)
- Sibgatullina A. T. (2008). Do Mekki cherez Stambul. [To Mecca via Istanbul]. Rodina. № 5. S. 94–95. (In Russian)
- Sibgatullina A. T. (2010). Kontakty tyurok-musulman Rossiiskoi i Osmanskoi imperii na rubeje XIX-XX v. [Contacts of Muslim Turks of the Russian and Ottoman Empires at the turn of the 19th and 20th centuries]. M., S. 190. (In Russian)
- Usmanova D. M. (2005). Musulmanskie predstaviteli v Rossiiskoi parlamente. 1906-1916. [Muslim representatives in the Russian Parliament. 1906-1916]. Kazan: Fen, – 584 s. (In Russian)
- Frank A. J. (2001). Muslim Religious Institutions in Imperial Russia: The Islamic World of Novouzensk District and the Kazakh Inner Horde, 1780-1910. Brill, T. 35. 147 p. (In English)
- Şafikov İ.F. (2014). Put v Mekku: Budni Rossiiskih palomnikov (konets XIX–nachalo XX veka) [The way to Mecca: Everyday life of Russian pilgrims (late XIX–early XX century)]. Uchenye zapiski Kazanskogo universiteta. Seriya Gumanitarnye nauki. –T. 156. №. 3. S. 103-110. (In Russian)
- Şakerimuly A. (1994). Qajylyq sapary. [The pilgrimage trip]. Abai. № 9. B. 37. (in Kazakh)

Автор туралы мәлімет:

Қабдәлдiна Керiм Қуанышқызы – Тарих факультетi, Қазақстан тарихы кафедрасының оқытушысы, әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетi, Алматы, Қазақстан.

Information about author:

Kabdoldina Kerim Kuanyshkyzy – Senior Lecturer at the Faculty of History, Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Сведения об авторе:

Қабдәлдiна Керiм Қуанышқызы – факультет тарихи, преподаватель кафедры Истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан. e-mail: kerim.kabdoldina@mail.ru

Поступило: 27.05.2024

Принято: 25.08.2024